**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес отырысының №5 хаттамасы**

Астана қаласы 2023 жылғы «29» қыркүйек

**Төрағалық еткен:** Р.С. Ошақбаев

**Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері:** И.О. Вранчев, Б.С. Дүйсембинов, Д. Рахметуллин, Б.Ж. Тойкебаева, Т.Б. Әбілмәжінов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков «ZOOM» арқылы онлайн режимде: М.А. Әбенов, Д.О. Абибуллаев, С.Ж. Адамбаев, Ж.К. Ахметова, Ө.Қ. Болсамбеков, Н.О. Дулатбеков, А.Б. Ерғалиев, Ж.З. Қосыбаев, М.М. Махамбетов, А.Г. Орлова, К.Х. Рахымбердин, О.Т. Сыздыков., Л.К. Жақыпова, О.Ю. Тарабукина, Д.Н. Тұрғанов, Ә.Қ. Түгел, Ш.К. Хасанова.

**Шақырылғандар:** Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Х.С. Имажанов, Өзіндік қауіпсіздік департаменті бастығының орынбасары А.С. Бекмурзиев, «Үміт» қоғамдық қорының директоры Г.М. Смаилова, «СОЦКЗ» қоғамдық қорының үйлестірушісі Н.Р. Мамырбекова.

## 1. Синтетикалық есірткі айналымына қарсы қолданылатын шаралар туралы

*(Р.С. Ошақбаев, Х.С. Имажанов, Б.Ж. Тойкебаева, И.О. Вранчев, Қ.С. Дүйсембеков, А.С. Бекмурзиев, Б.С. Дүйсенбинов, Д. Рахметуллин, А.К. Түгел, Ш.К. Хасанова, О.Ю. Тарабукина, О.Т. Сыздықов, Г.М. Смаилова)*

**1.** Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығы Х.С. Имажановтың ақпараты назарға алынсын.

**2.** Уәкілетті органдардың осы салада ІІМ іске асырып жатқан мемлекеттік саясатқа жеткіліксіз тартылғанын атап өтіп, елдегі қалыптасқан есірткі ахуалын күрделі, бірақ тұрақты деп танысын.

**3. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментіне:**

1) уәкілетті мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және қозғалыстармен өзара іс-қимыл жасай отырып, әлеуметтік желілерде және өзге де интернет ресурстарда есірткі құралдарының жарнамасын жедел анықтау және уақтылы бұғаттау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

2) жастарды есірткіні қолданудың салдары, сондай-ақ оларды таратқаны үшін жауапкершілік туралы хабардар ету жөніндегі жұмысты жалғастыру **ұсынылады**.

**3.1. Қоғамдық кеңес мүшелерімен өзара іс-қимылда:**

1) бірлескен профилактикалық іс-шараларды жүргізу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

2) нашақорлықтың алдын алу саласында озық халықаралық тәжірибе алмасу бойынша тұрақты жұмыс кездесулері мен кеңестер өткізу **ұсынылады**.

**2. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің комиссиясын құру туралы**

*(Р.С. Ошақбаев, Х.С. Имажанов, Б.Ж. Тойкебаева,*
*Ш.К. Хасанова, О.Ю. Тарабукина)*

Қоғамдық кеңесте есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құрсын. Комиссия төрағасы болып бірауыздан **Б.Ж. Тойкебаеваны** сайласын. Комиссия құрамына **А.К. Түгелді**, **О.Ю. Тарабукинаны, Х.С. Имажановты** қоссын.

Идеологиялық және имидждік жұмыс департаменті Кеңес отырысын және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста орналастырсын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын **2023 жылғы 30 қазанға** дейін хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары**
**қызметінің мәселелері жөніндегі**
**қоғамдық кеңес төрағасы** **Р. Ошақбаев**

**Ішкі істер органдары**
**қызметінің мәселелері жөніндегі**
**қоғамдық кеңес хатшысы** **Қ. Елубаев**